

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Инструкция: Вам предлагаются задания с одним правильным ответом из четырех предложенных.

1. Өзгелік етіс қатысқан сөйлем
А) Қағазға сурет салдыр.
В) Жаңбыр суына жуынды.
С) Біз де асыға киіндік.
D) Ондағы жазу көрінді.
2. Жіктеу есімдігі қатысқан сөз тіркесі
А) бұл бейне
В) сол сәттер
С) біздің аула
D) осы мектеп
3. Төменде берілген сөйлемге тиісті көмекші есімдер
Арманның үйінің ... тіл үйірмесі бар
А) жанында
В) түбінде
С) бойында
D) шетінде
4. Туынды үстеулі сөйлем
А) Ол жоғары шықты.
В) Төмен қарай секірді.
С) Анаңмен ерте хабарлас.
D) Жаздай жолыға алмады.
5. Бейнелеуіш еліктеу сөз
А) желп-желп
В) сарт-сұрт
С) тарс-тарс
D) гүр-гүр
6. Мезгіл үстеуі
А) ертеде
В) топпен
С) ілгері
D) төмен
7. Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем
А) Тапсырманы орындап, жақсы нәтиже көрсетті.
В) Отбасы – өзара құрмет, махаббат мекені.
С) Ұйым құрылса, зиялы қауым тез жиналар еді.
D) Жұмыс басталғалы, ілім-білім мәселесі қаралды.

8. Көмекші есім қатысқан қатар
- A) Көп тіл білген адамның жолы даңғыл.
 - B) Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл.
 - C) Тіл – адамзат баласына ғана берілген ұлы қасиет.
 - D) Өнер алды – қызыл тіл.
9. Салыстырмалы шырай
- A) қызғылт
 - B) тым қызыл
 - C) өте қызыл
 - D) қып-қызыл
10. Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрі
- Экология проблемасының болғанына қарамастан, мұнай өндіру де жалғасуда.*
- A) шартты
 - B) мақсат
 - C) қарсылықты
 - D) мезгіл
11. Етіс түрі
- Елімізде тәуелсіздіктің алғашқы күнінен-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына ерекше назар аударылып келеді.*
- A) ырықсыз
 - B) өздік
 - C) ортақ
 - D) өзгелік
12. Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдегі түсіп қалған тиісті ойдың шарты.
- Жаңа ғылыми жұмыстар ..., жақын арада жоғары нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес.*
- A) жүргізілмей
 - B) ашылмай
 - C) белгіленбей
 - D) болмай
13. Өзгелік етіс қатысқан сөйлем
- A) Біз жылдам киініп, жолға шығып кеттік.
 - B) Ол баласына өлең айтқызды да тына қалды.
 - C) Алыстан сағымдай көрініп, жоқ болды.
 - D) Алыстан жартастағы көне жазулар көрінді.
14. Одағай сөз қатысқан сөйлем
- A) Бір жағынан, осы шешімнің дұрыс болды.
 - B) Па, шіркін, не деген керемет мейрам!
 - C) Балалар, бүгін ертерек барамыз ба?
 - D) Әке, Наурыз мерекесіне барамыз ба?

15. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем
- A) Ыңғайлы болса да, елімізде енді ғана қолға алына бастады.
 - B) Оқу жылы басталысымен қиындықтар да кездесе бастады.
 - C) Жан-жақты мәлімет беріп, тұрғындарды таңғалдырды.
 - D) Айтылған сөзді адамша түсініп, дегенінді орындайды.
16. Қатыстық сын есім қатысқан сөз тіркесі
- A) жақсы адам
 - B) жасыл майса
 - C) тату отбасы
 - D) өнерлі бала
17. Көмекші есімдер кездеспейтін мақал
- A) Бала – артыңда қалған із.
 - B) Үй артында кісі бар, әр нәрсемен ісі бар.
 - C) Өнер алды – қызыл тіл.
 - D) Адақанның алды жөн, арты соқпақ.
18. Қыстырма сөз қатысқан сөйлем
- A) Ойпырмай,мына жануардың шабысы ай!
 - B) Бағымызға қарай, қойылым уақытында болады екен.
 - C) Әке, кешке сенімен балық аулауға барсам бола ма?
 - D) Наурыз мейрамын «Ұлыстың ұлы күні» деп те атайды.
19. Күшейтпелі шырай қатысқан сөйлем
- A) Су қоры төмендеу болса жайылымдар тозып, шаруашылыққа әсер етеді.
 - B) Жер бедері өте қатты болса, құрылыс жұмыстарына ыңғайлы болады.
 - C) Кейбір қалдықтар қоршаған ортаға зиян келтіріп, табиғатты ластайды.
 - D) Көмірқышқыл газы көбейген болса, температура жоғарылайды.
20. Көсемше жұрнағы арқылы жасалған себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем
- A) Олар тапсырманы уақытында орындап, жақсы нәтиже көрсетті.
 - B) Отбасы құрылымы күшті болған соң, қоғам да күшті болады.
 - C) Қонақтар үйде отырғысы келмегендіктен, сыртқа шығып кетті.
 - D) Жиналыста адам көп болғандықтан, келгендердің көбі тыс қалды.

Инструкция: Вам предлагаются тестовые задания на основе контекста с выбором одного правильного ответа из четырех предложенных. Внимательно прочитайте контекст и выполните задания.

1) Киім адамзат үшін сыртқы ортаның әсерінен қорғаныс пен жылыну құралы ғана емес. Бұл адамның беделінің, қоғамдағы дәрежесінің бірден-бір көрсеткіші. “Адам көркі шүберек” демекші, ортамыз бізді киген киімімізге қарап бағалайды.

2) Тігіншілер мен сәнді дизайнерлер жылдан-жылға мыңдаған киім түрлерін ойлап шығаруда. Соның арқасында әр адамның өз бейнесін өзгертіп, біркелкі болып қалмауына мүмкіндігі бар. Алайда киімнің осындай түрлілігі арқасында әр адам өзіне тән стиль таңдайды. Бұл сіздің мінезіңіз бен өміріңіздегі қызуғышылықтарыңызға байланысты болады екен. Сондықтан мына ақпаратты білетін адам қасындағы досының киіміне қарап, бірден оның мінезіне баға бере алады.

3) Классикалық үлгідегі киімді өзіне сенімді адамдар таңдайды деген пікір қалыптасқан. Бұл рас, алайда классикаға құмар жандар қатарына өз таңдауын жасауға қорқып, классикалық киімді кием, қателеспеймін-ау дегендер де енеді екен. Бұл екі топты ажырататын айқын белгілер бар. Ол адамның осы киімде өзін-өзі ұстауы. Әсіресе адамның пиджакты қалай киіп жүретіндігіне назар аударыңыз. Өзіне сенімді кісі пиджагын кішкене ұқыпсыз киеді, оны еш уақытта барлық түймелеріне түймелемейді. Ал интровертер керісінше пиджагын соңына дейін түймелеп, қорғаныс ретінде қолданады екен. Дәстүрге сай, тұрақтылықты қолдайтын адамдар екі қатар түймесі бар пиджактарды таңдайды. Ал бірқатар түймесі бар пиджактың иесі жайдары, ашық жүзді кісі болады. Спорттық үлгідегі киімді тек спортшылар киеді деп кім айтты? Жоқ, спорттық киімдерді көп нәрсеге көңіл бөле бергісі келмейтіндер де сүйіп киеді екен. Джинсы шалбары, кеды не кроссовкалар, жалпы спорттық киім қазіргі жастардың дертіне айналды. Психологтардың айтуынша бұндай киім үлгілерін ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүретін, қиналғысы келмейтін адамдар таңдайды екен. Басқа жақтан қарағанда, бұндай “жеңіл жол” қазіргі үлкен қалалардағы өмірге сай ыңғайлы әрі жеңіл болады. Этно үлгісіне сай киінетін адамдар саяхаттауды жақсы көреді екен. Біртүрлі шалбарлар, үнді сариі, қызықты суреттер. Осындай ерекшеліктері бар киімді таңдайтын жандар батыл, ашық, өнерпаз адамдар болады. Олар көпшіліктің арасынан көрініп, көзге түседі. Алайда кейде арманға беріліп, бастаған істерін соңына дейін істемеуі мүмкін.

4) Қыз ба, жігіт пе? Ауыр әскерлік етіктер, камуфляж түсті киім, жігіттерге сай күңгірт түстер... Осындай киім киген қыздар өзінің табиғи нәзіктігін жоққа шығарғысы келеді. Бұндай қыздар берген уәделеріне берік, сенуге тұрарлық жандар. Өз сезімталдығын “жігітше киімнің” астына тығып, адамдарға жан дүниесін ашпайды. Әрине ылғи бір стильде киінетін адамдар аз.

5) Біз күнделікті киімімізді ауыстыра отырып, өзіміздің сол күнге деген көңіл күйіміз бен ұстанымымызды алмастырып отырамыз. Сондықтан бұл

ақпаратты адамның мінезі мен болашағын білемін деп, “бал ашу” мақсатымен емес, оның қысқа мерзімді өмірлік ұстанымдары мен жан сырының бір жағасын көру үшін пайдаланыңыздар.

21. Төмендегідей киім үлгісін киетін қыз баларға тән мінездеме

Ауыр әскерлік етіктер, камуфляж түсті киім, жігіттерге сай күңгірт түстер...

A) Өз таңдауын жасауға қорқатын, сенімді.

B) Батыл, өнерпаз, қиналғысы келмейтін.

C) Мінездері жайдары, көңілдері ашық.

D) Уәделеріне берік, сенуге тұрарлық.

22. Мәтін бойынша екі қатар түймесі бар пиджактар киетін адамдардың мінез-құлқы.

A) Иесі жайдары, ашық жүзді кісілер.

B) Дәстүрге сай, тұрақтылықты қолдайтындар.

C) Саяхаттауды жақсы көретіндер.

D) Өзіне сенімді адамдар.

23. Мәтінге сәйкес әр адамның киім кию стилі ... байланысты

A) көңіл күйі мен таңдауына

B) мінез бен қызығушылыққа

C) көзқарасы мен мінезіне

D) сән әлемінің өзгеруіне

24. Мәтінде берілмеген ақпарат

A) Берілген ақпаратты адамның жан сырын түсіну үшін пайдалану керек.

B) Ұлттық киімді тек қазақи мейрамдарда емес, күнделікті өмірде де кию керек.

C) Киім – адамның қоғамдағы дәрежесінің, беделінің көрсеткіші.

D) Тігіншілер мен дизайнерлер түрлі киім үлгілерін ойлап шығаруда.

25. Саяхаттауды жақсы көретін адамдар ұстанатын стиль

A) Ұл сияқты киінетін

B) Классикалық үлгідегі

C) Спорттық үлгідегі

D) Этно үлгісіндегі

Инструкция: Вам предлагаются задания, в которых могут быть один или несколько правильных ответов.

26. Көптік жалғауы дұрыс жалғанған сөз(-дер)
- A) шайлар
 - B) шаңдар
 - C) қарлар
 - D) балалар
 - E) гүлдер
 - F) айрандар
27. Жан-жануарларды шақыруға байланысты одағай сөздер қатысқан сөйлем(-дер)
- A) Рас, биылғы қойлардың қозылары ірі екен.
 - B) Кә-кә, Құтжол, жылдам тамағыңды іш.
 - C) Бүгін бір қуанып қалдыққой, па шіркін!
 - D) Ойпырмай, уақыт деген зымырап барады.
 - E) Шөре-шөре, деп лақтың артынан қалмады.
 - F) Әлбетте, түйе малы шөлге төзімді келеді.
28. Демеулік шылау арқылы жасалған мысал(-дар)
- A) Сендер айтасыңдар ма?
 - B) Сабақтан кейін келеді.
 - C) Бірге жүріп тойлайды.
 - D) Үлкендер бата берді.
 - E) Олар ғана бара ма?
 - F) Әкесіне айтқан-мыс.
29. Ырықсыз етіс(-тер)
- A) жуынды
 - B) киінді
 - C) салынды
 - D) тазаланды
 - E) көрінді
 - F) айтылды
30. Шартты райда тұрған сөз(-дер)
- A) сомдаса
 - B) сөйлес
 - C) көрсем
 - D) барыңыз
 - E) келейін
 - F) көріңіз

31. Күшейтпелі үстеу берілген сөйлем(-дер)
- A) Су –адамзатқа ең қажет ресурс.
 - B) Мен қалаға өте жиі барамын.
 - C) Тазы – орташа ғана бойы бар ит.
 - D) Ауасыз тіпті жәндіктер де өмір сүре алмайды.
 - E) Тасты тас қана қозғалтады.
 - F) Ауыр істен ешқашан да қорықпа.
32. Қаратпа сөз қатысқан сөйлем(-дер)
- A) Қош келдің, Әз-Наурыз!
 - B) Әке, тауға бірге барамыз ба?
 - C) Бағымызға қарай, өтпеді.
 - D) Па, шіркін, не деген ғажап!
 - E) Рас, отырыстар өтіп кетіпті.
 - F) Бір жағынан, дұрыс айтты.
33. Зат есімге айналған сын есім(-дер)
- A) бақытты
 - B) үлкенге
 - C) сабырлы
 - D) бақытсыз
 - E) өнерлі
 - F) ауылдық
34. Пысықтауыш қызметіндегі көмекші есім(-дер)
- A) Ауылдың жаны терең сай.
 - B) Төңірек мүлгіген орман.
 - C) Адамның ішіне кіріп шықпайсың.
 - D) Ішкі жан дүниесі таза адам сияқты.
 - E) Ауыл маңында үлкен көл бар.
 - F) Жаз ортасында ауылға бардық.
35. Болымсыздық, қарсы мәнді, салыстыру демеуліктері
- A) ғана
 - B) түгіл
 - C) қане
 - D) тұрсын
 - E) мыс
 - F) екеш